



**АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ №48 «АҚ КӨГЕРШІН»
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫНЫҢ
ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

2025-2026жж.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағдарламасы

Балабақшаның жұмыс оқу жоспары білім беру ұйымы қызметінің құқықтық-нормативтік базасына негізделі отырып әзірленді.

2025-2026 оқу жылында балабақша тәрбиелеу - білім беру процесін жүзеге асыруда келесі нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы ***(ҚР Оқу-ағарту министрінің 15.04.2025 №74 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);***

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтердегі және түрлердегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы ***(ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 59 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);***

- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы ***(ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);***

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы ***(ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);***

- «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы;

- «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын және бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы ***(ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.05.2025 № 104 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);***

- «Орта білім беру ұйымдарына арналған жекелеген пәндер бойынша оқулықтар мен базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы ***(ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.06.2025 № 132 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);***

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы ***(ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.07.2023 № 197 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);***

«Мектепке дейінгі ұйымдардың және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы **(ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.10.2024 № 319 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген).**

- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы **(ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген)**

- «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы **(ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген).**

Балабақша ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 1 қосымшасына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-тарауының 12, 16 пунктеріне сәйкес баланың білім алу қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады:

«Сарыарқа тану» бағдарламасы (Астана қаласы Әдістемелік орталығының ӘО отырысында 2025 жылғы 25 маусымдағы №2 хаттамасымен бекітілген). Бағдарлама «Бәйшешек», «Балдырған» мектепалды тобында жүзеге асырылады.

«Тілге бойлау» бағдарламасы (Құрастырушы: ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институты, Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қарастырылып, ұсынылған (2024 жылғы 6 тамыздағы №7хаттамасы). Бағдарлама барлығы 4 топта жүргізіледі. Оның ішінде: ересек топ - 2, мектепалды топ – 2

«АДАЛ АЗАМАТ» біртұтас тәрбие бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі), Астана, 2025

Балабақша туралы ақпарат

1. **Балабақша атауы:** Астана қаласы әкімдігінің №48 «Ақ көгершін» балабақшасы Мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорыны
2. **Мекен жайы:** «№48 «Ақ көгершін» балабақшасы» Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, А.Жұбанов көшесі 2 және балабақшаға қарасты шағын орталық «Байқоңыр» ауданы, А.Жұбанов көшесі 10А орналасқан.

Мекеменің меңгерушісі: Сабиева Улжан Абеновна. Жұмыс өтілі 39 жыл.
Аталған мекемедегі еңбек өтілі 12 жыл.

Әдіскер: Шумалова Бану Туkenовна . Жұмыс өтілі 20 жыл.
Аталған мекемедегі еңбек өтілі 11 жыл

3. **Телефон:** 8(7172) 37-33-34

4. **E-mail:** akkogershin48@mail.ru

5. **Сайт:** <https://akkogershin48-astana.kz/>

6. **Балабақша инстаграмы:** [ak_kogershin48](#)

7. **шағын орталықтың инстаграмы:** [akkogershin_minicenter48](#)

МКҚК № 48 «Ақ көгершін» балабақшасы» типтік жоба бойынша 1976 жылы салынған ғимарат, 2010 жылы қайтадан жөндеуден өтіп балабақшаға берілген. Балабақшада мемлекеттік тілде 7 топ жұмыс атқарып, бүлдіршіндерді оқытып, тәрбиелеп жатыр.

Балалардың балабақшада болу ұзақтығы -10,5 сағат (7.30 дан 18.00 ге дейін)

Балабақшаның жобалық қуаттылығы -200

Елбасының мектепке дейінгі ұйымдар желісін кеңейту жөніндегі **2007** жылғы қарашадағы № **1039** «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету» жөніндегі бірінші кезекте «Балалардың толық және толық емес» күнге келетін мектепке дейінгі шағын орталық іс-әрекетін ұйымдастыру туралы үлгі ережесіне сәйкес 2011жылғы 25 сәуірде «Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің **02.07.2011.жылдың №557 бұйрығы** бойынша Жұбанов көшесі, 10 «Кампус» тұрғын кешенінде № 48 «Ақ көгершін» балабақшаның құрылымдық бөлімшесі ретінде мектепке дейінгі шағын орталық ашылды.

Жобалық қуаттылығы: 120

Жұмыс тәртібі:

Екі ауысымда : 1-ші ауысым 8.30 дан 13.00 ге дейін, 2-ші ауысым: 14.00 ден-18.00 ге дейін 4 топ жұмыс атқарды. Жалпы шағын орталықта 1 орыс, 3 топ мемлекеттік тілде жұмыс жүргізуде, оның үш топ мектепалды даярлық болса, біреуі ересек топ.

Жұмыс аптасының ұзақтығы:

Мекеме аптасына 5 күн жұмыс жасайды.

Демалыс күндері сенбі, жексенбі.

2025-2026 оқу жылындағы педагогикалық жұмыстың негізгі мақсаттары мен міндеттер

Мақсаттары

Физикалық қасиеттерді дамыту: денсаулық сақтауда ұлттық спорттық ойындарды қолданып, балалардың денсаулықтарын нығайту. Қазақ халқының ұлттық ойындарын ойнауға қызықтыру, үйрету

Коммуникативтілік дағдыларды дамыту: балалардың қарым-қатынас дағдыларын игеруін қалыптастыру, ана тіліне сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әлеуметте еркін сөйлеуін дамыту. Ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, қазақ тілін меңгеруге ынталандыру. Мамандықтар туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту: Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; креативті және сыни ойлауды дамыту;

Шығармашылық, зерттеу дағдыларын дамыту: шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту: Балаларда барлық режимдік сәттерде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балалардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету; Өңірлік ерекшеліктер мен климаттық өзгерістерді ескере отырып, экологиялық білім беру сапасы мен тәрбиеленушілердің экологиялық мәдениетін арттыру

Міндеттері:

- ✓ Таза ауада қимылды ойындар арқылы балалардың дене қозғалысының белсенділігін арттыру, дене шынықтыру шараларының сапасын көтеруді жалғастыру. Ұлттық ойындар ойнауға алаңдар жасақтау
- ✓ Отандық дамытушы құралдарымен ауыз екі және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Отбасымен бірлескен әрекеттер ұйымдастыру. «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жұмыстарын ұйымдастыруды жолға қою.
- ✓ Ұйымдастырылған іс-әрекеттер барысында еңбек әрекетін зерттеу, балаларда еңбек дағдыларын дамыту, балалардың еңбекке деген ынтасы мен қызығушылықтарын қалыптастыру үшін қазіргі сұраныстағы мамандықтардың алуан түрлерімен танысуға және мамандық түрлерін ойын арқылы игеруге мүмкіндік беру
- ✓ Балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдау.
- ✓ Қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік және мінез-құлық нормаларын меңгертіп, «Ұлттық мәдениет» жайлы түсініктерін кеңейту.
- ✓ Табиғатқа, ұлттық және табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға үйрету, патриотизм сезімін қалыптастыру
- ✓ Барлық топтарда балаларды табиғи орта негізінде өсімдіктер мен жануарлар әлемімен таныстыру. Экологиялық-ақпараттық шаралар, акциялар, көрмелер, байқаулар, экологиялық жобалар жүргізу.
- ✓ «Жасыл балабақша» жобасын жүзеге асыру
- ✓ Баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды болдырмау үшін тиісті шаралар қабылдау
- ✓ Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық және қаржылық сауаттылықты қалыптастыру
- ✓ Жасанды интеллект технологияларын меңгерту.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1) Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкес № 48 «Ақ көгершін» балабақшасында оқу –тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті – құқықтық актілеріне негізделе отырып әзірленген. Тәрбиеленушілер мемлекеттік тілде тәрбиеленеді және білім алады.

2025-2026 оқу жылы балабақшада балалар контингенті:

№ р/с	Тобы	Топтың саны	Балалардың саны	Оқыту тілі
1	Кіші топ	«Балдәурен»	20	қазақ
2	Ортаңғы топ	«Балбұлақ»	34	қазақ
3	Ортаңғы топ	«Балауса»	33	қазақ
4	Ересек топ	«Балғын»	27	қазақ
5	Ересек топ	«Бәйтерек»	30	қазақ
6	Мектепалды даярлау тобы	«Бәйшешек»	26	қазақ
7	Мектепалды даярлау тобы	«Балдырған»	30	қазақ
	Барлығы 7 топ	7 топ	200	

2025-2026 оқу жылы шағын орталықта балалар контингенті:

№ р/с	Тобы	Топтың саны	Балалардың саны	Оқыту тілі
1	Ересек топ	«Балбөбек	30	қазақ
2	Мектепалды даярлау тобы	«Қарлығаш»	30	қазақ
3	Мектепалды даярлау тобы	«Арман»	30	қазақ
4	Мектепалды даярлау тобы	«Жұлдыз»	30	орыс
	Барлығы 6 топ	4 топ	120	

Тәрбиеленушілердің контингенті әлеуметтік жағдайы жақсы. Балабақшаға қарасты шағын орталық бар. Шағын орталықта-4 топ жұмыс атқарады. Оның ішінде - 3 топ мемлекеттік тілде. 1-топ орыс тілді .

Толық отбасы 94%, 6% тәрбиеленушілер толық емес отбасында тәрбиеленуде. Педагогтар тәрбие мен оқыту үрдісінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын игере отырып, жаңа әдістерді іздену арқылы білімін тәрбиеленушілерге тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізеді.

Материалдық-техникалық базаның жағдайы:

Балабақшаның арнайы бөлмелері: медициналық кабинет-3, әдістемелік кабинет, психолог, логопед, тұзды шахта, музыка және дене шынықтыру залы, асхана, кір жуу, есеп бөлмелері, ас сақтайтын қоймалары бар. Оқытудың техникалық құралдары:

- теледидарлар – 1 дана;

- музыкалық орталық – 1 дана;
- әдістемелік үдерісті техникалық жабдықтау:
- мультимедиялық проектор – 1 дана;
- Интерактивтік тақта-1 дана
- компьютер – 6 дана;
- ноутбук – 1 дана;
- интернет жұмыс істейді- 20 Мб/с;
- принтер – 6 дана;

Балабақша ғимаратында сыртқы бейне бақылау саны -34, ішкі бейне бақылау саны-34 орнатылған.

Шағын орталықта материалдық-техникалық базаның жағдайы:

- музыкалық орталық – 1 дана;
- әдістемелік үдерісті техникалық жабдықтау:
- мультимедиялық проектор – 1 дана;
- Интерактивтік тақта - 1 дана
- компьютер – 1 дана;
- интернет жұмыс істейді - 20 Мб/с;
- принтер – 1 дана;

Шағын орталықта арнайы бөлмелері: әдістемелік кабинет, психолог, музыка және дене шынықтыру залы және 3 - оқу кабинеті бар.Балаларды қабылдау бөлмесі-1

№48 «Ақ көгершін» МКҚК балабақшасының 2025-2026 оқу жылының педагогикалық ұжым жұмысын талдау

МКҚК №48 «Ақ көгершін» балабақшасының 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс қорытындысы
Жоба қуаттылығы: 200 орын.

Материалдық-техникалық базасы

«Қошақан» балабақшаының материалдық-техникалық базасы педагогикалық талаптарына, қазіргі білім беру деңгейіне, санитарлық нормаларға сәйкес.

Балабақша жұмсақ және қатты құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Топтар жиһазбен, ойыншықтармен, оқу- әдістемелік құралдарымен жабдықталған. Медициналық кабинет, кір жуатын, ас бөлмелері қажетті құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілген.

Барлық топтарда 1.Физикалық қасиеттерді дамыту.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады. Дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді.

3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.

4. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

5. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге; Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік

ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды. Мектепке дейінгі жастағы тәрбиеленушілердің отбасында және мектепке дейінгі ұйымдарда өз бетінше оқу дағдылары мен әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру өмірді қорғауға және денсаулықты нығайтуға, әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-коммуникативтік біліктері мен дағдыларын: мәдени-гигиеналық біліктері мен дағдыларын, мінез-құлық қағидаларын дамытуға, оларды күн тәртібі мен режиміне тартуға, когнитивтік функцияларды дамытуға, отбасы мен мектепке дейінгі ұйымдарда мейірімділік, көңіл бөлу, қамқорлық және өзара көмек атмосферасын құруға, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерінде тәрбие дәстүрлерінің сабақтастығын қамтамасыз етуге, туған өлкеге, өз еліне, тарихына сүйіспеншілігін тәрбиелеуге бағытталған. Осы идеяларды, жүзеге асыру мақсатында балабақшада мемлекеттік рәміздер стенді, ұлттық қазақ кабинеті, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бойынша ақпараттық стенд бар.

Дамытушы орта эстетикалық, санитарлық-гигиеналық, психология-педагогикалық, материалдық –техникалық комплекстеріне сәйкес.Топтарда балалардың өмірін қамтамасыз етуге жағдай жасалған: қимылды ойындарға атрибуттар, спорттық құралдар, дамытушы ойындар, қуыршақ театры мен сюжеттік-рөлдік ойындардың құрал-жабдықтары бар. Әрбір топта балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес пәндік – дамытушы ортасы құрылған.

	Тәрбие – білім процесін ұйымдастыруға арналған бөлме жайы	Кабинетті жабдықтандыру
	Музыка залы	толық
	Психолог бөлмесі	толық
	Дене шынықтыру залы	толық
	Логопед бөлмесі	толық
	Оқу залы	толық

2025–2026 оқу жылы барысында мектепке дейінгі ұйымның қызметі Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарына сәйкес жүзеге асырылды. Жылдық жоспар мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, үлгілік оқу бағдарламасына, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына, балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауға бағытталған санитарлық талаптарға сүйене отырып құрылды.

Оқу жылының негізгі мақсаты – тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын жан-жақты дамытуға қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру болды.

Алға қойылған мақсаттарды жүзеге асыру барысында педагогикалық ұжым келесі міндеттерді басшылыққа алды:

- білім беру процесінде инновациялық технологияларды қолдану;
- балалардың денсаулығын нығайту және салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты жетілдіру;
- педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру;
- ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру;
- ерекше білімді қажет ететін балаларға қолдау көрсету.

Жылдық жоспардың орындалуы жүйелі бақылауға алынып, барлық бағыттар бойынша талдау жүргізілді.

I. Ұйымның материалдық-техникалық базасына талдау

2025–2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстары жалғастырылды. Топ бөлмелері санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес жабдықталып, балалардың қауіпсіз әрі жайлы ортада тәрбиеленуіне жағдай жасалды.

Топтарда:

- дамытушы ойын бұрыштары;
- ұлттық тәрбиеге арналған орталықтар;
- кітап бұрыштары;
- зерттеу және тәжірибе жасау аймақтары;
- шығармашылық орталықтар ұйымдастырылды.

Музыка залы, спорт залы, психолог және логопед кабинеттері қажетті оқу-құралдарымен толықтырылды. Балалардың танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында көрнекіліктер, дидактикалық ойындар, интерактивті материалдар жаңартылды.

Аула аумағында балалардың қозғалыс белсенділігін дамытуға арналған ойын құрылғылары, спорттық элементтер және қауіпсіз серуен алаңдары пайдаланылды. Жаз мезгілінде көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп, балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында шағын экологиялық бұрыштар ұйымдастырылды. Жыл қорытындысы бойынша материалдық базаның нығаюы білім беру сапасының артуына оң әсер еткені байқалды.

III. Педагогтар туралы мәлімет

Оқу жылы барысында педагогикалық ұжым тұрақты әрі нәтижелі жұмыс жүргізді. Ұжым құрамындағы педагогтердің басым бөлігі жоғары білімді және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында тәжірибелі мамандар болып табылады.

Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында:

- біліктілік арттыру курстары;
- аудандық және облыстық семинарлар;
- вебинарлар;
- шеберлік сағаттары;
- тәжірибе алмасу алаңдары ұйымдастырылды.

Педагогтер өздігінен білім жетілдіру жұмыстарын жүйелі жүргізіп, жаңа технологияларды оқу-тәрбие процесіне енгізуге талпыныс жасады. Әсіресе:

- ойын технологиялары;
- STEM элементтері;
- мнемокесте;
- нейрожаттығулар;
- арт-терапия;
- құм терапиясы;
- цифрлық білім беру ресурстары кеңінен қолданылды.

Жас мамандармен тәлімгерлік жұмысы ұйымдастырылып, тәжірибелі педагогтер әдістемелік қолдау көрсетті. Бұл жас мамандардың кәсіби бейімделуіне оң әсер етті.

Педагогтердің шығармашылық белсенділігі де жоғары деңгейде болды. Олар түрлі байқауларға, фестивальдерге қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Бұл ұжымның кәсіби әлеуетінің жоғары екенін көрсетті.

Сонымен қатар, талдау барысында кейбір педагогтердің инновациялық технологияларды қолдануда әлі де әдістемелік қолдауды қажет ететіні анықталды.

Келесі оқу жылында осы бағыттағы жұмыстарды күшейту қажеттілігі байқалды.

Балабақшада оқу-тәрбие жұмысында 24 педагог қызмет етеді, барлығының педагогикалық білімдері бар, ҰІӨ өткізу әдістемесін біледі. Педагогикалық ұжымның құрамында келесі еңбек өтілі бар:

5 жылға дейін	5 жылдан астам	10 жылдан астам	15 жылдан астам	20 жылдан астам
6	7	5	2	4

Тәрбиешілер өздерінің кәсіби - шеберліктерін өздігінше білім алу, біліктілік жетілдіру курстары, семинарлар мен дөңгелек үстел жұмыстарына қатысу арқылы жетілдіреді.

Педагогтардың сапалық құрамы

Білімі бойынша:

Педагогтар саны	жоғары	%	Мектепке дейінгі жоғары	%	Арнаулы орта	%	Мектепке дейінгі орт	%
24	21	86,6	3	53,3	3	13,3	2	0

Біліктілік санаты бойынша:

Жалпы педагогтар саны	Басшы ұйымдастырушы	Педагог-зерттеуші	%	Педагог сарапшы	%	Педагог модератор	%	санатсыз	%
24	1	0	6,6	2	20	18	66	3	14

Мектепке дейінгі ұйымда санаты бар педагогтардың үлесі біліктіліктің қажетті деңгейіне сәйкес, сонымен қатар санатсыз педагогтар, жаңадан жұмысқа бала күтімі демалысынан шыққан педагогтар, мамандармен көптеген әдістемелік жұмыс жүргізілді. Тәрбиешілер әрқашан өз білімдерін жетілдіріп, біліктілік көтеру курстарынан өтіп, аттестациядан өтуге ұмтылады. Өздерінің кәсіптік деңгейлерін тәжірибе алмасып, жаңа технологияларды, әдістемелік әдебиеттерді пайдаланып, бір-бірімен ақылдаса көтеріп отырады.

Оқу жылы	Педагогтар саны	Біліктілігін жетілдіру курстарының деңгейі		
		республикалық	облыстық	қалалық
2025-2026	24	1	0	1

Педагогикалық кадрларды дұрыс орналастыру білім деңгейі мен еңбек өтілі бойынша қарастырылады.Педагогикалық кадрлардың сұрақтары педагогикалық кеңес пен өндірістік жиналыстарда қаралады.

Педагогтардың кәсіби құзіреттілік деңгейін көтеру мақсатында, педагогикалық ұжымның жұмысына ізденіс, жаңа мазмұн енгізе отырып, оқу-тәрбие үрдісін іске асыру көзделген болатын сол мақсатта педагогтармен көптеген жұмыстар жүргізілді.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының мақсаты мен міндеттері

1. «Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру.
- 2.Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру.
- 3.Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру.
- 4.Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу.
5. Ойын арқылы оқыту; - түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту

**2026 оқу жылының II жартыжылдығы бойынша
«Мен бәрін білгім келеді» шағын зертханаларда мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық-зерттеу құзыреттілігін дамыту
Эксперименттік алаң жұмысының есебі**

ЭА мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балаларды практикалық-танымдық іс-шараларға тарту арқылы балалардың танымдық белсенділігі мен қызығушылығын дамыту.

ЭА жүзеге асыру мерзімі: 2024-2027 жж

1. ЭА аясындағы аналитикалық қызмет (сандық, сапалық):

1.1. Эксперименттік топтардағы/ сыныптардағы/ тәрбиеленушілердің/ білім алушылардың саны:

Барлығы: 109 бала

Оның ішінде: мемлекеттік тілінде 109, орыс тілінде жоқ,

«Балғын» ересек қазақ тобы – 27 бала

«Бәйтерек» ересек қазақ тобы – 30 бала

«Балдырған» мектепалды қазақ тобы - 29 бала

«Бәйшешек» мектепалды қазақ тобы – 23 бала

1.2. ЭА аясында бақылау топтарындағы/ сыныптарындағы тәрбиеленушілердің/білім алушылардың саны:

Барлығы: 109 бала

Оның ішінде: мемлекеттік тілінде 109, орыс тілінде жоқ,

«Балғын» ересек қазақ тобы – 27 бала

«Бәйтерек» ересек қазақ тобы – 30 бала

«Балдырған» мектепалды қазақ тобы - 29 бала

«Бәйшешек» мектепалды қазақ тобы – 23 бала

1.2. ЭА аясында педагогтердің саны: 6:

Жас ерекшеліктері:

20-30 жас 0,

30-40 жас 5,

40-50 жас 1,

50-63 жас 0.

Жұмыс өтілі:

1-5 жыл ,

5-10 жыл 1 ,

10-20 жыл 5 ,

20-30 жыл 0 ,

30-40 жыл 0 ,

40-50 жыл 0 .

1.3. ЭА аясында педагогтердің біліктілік санаты:

Педагог-модератор 4 ,

Педагог-сарапшы 2 ,

Педагог-зерттеуші 0 ,

педагог-шебер 0 .

1 санат 0 ,

2-санат 0 ,

Жоғары санат 0 ,

Санатсыз 0 .

2. ЭА аясында ұйымдастырушылық қызмет: (ұйымдастырылған: кеңестер отырысы, жиындар, сауалнамалар, мониторингтер, т.б.):

2.1. ЭА аясында семинарлар саны 1 , қалалық 1 , республикалық - конференция, халықаралық 0 .

2.2. ЭА аясында конференциялар саны 0 , қалалық - , республикалық - , халықаралық .

2.3. ЭА аясында т.б. балалармен, ата-аналармен, педагогтермен жеке-жеке дөңгелек үстел өткізілді.

3. ЭА аясындағы оқу-әдістемелік қызмет (өткізілген семинарлар, вебинарлар, шебер-сыныптар, біліктілігін арттыру, тренингтер және т.б.. салыстырмалы диаграммамен, кестелер).

т. д.)

№	ЭА аясындағы іс-шаралар атауы	Өткізу уақыты	Аяқтау нысаны (хатамма, аналитикалық анықтамалар, Есеп, т.б.)
1.	Эксперимент алаң топтарына бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг жүргізу	Қыркүйек	Мониторинг қорытындысы бойынша бақылау парағы толтырылды.
2	Сауалнама, эксперимент топ тәрбешілерінен «Жас зерттеушілер»	Ақпан	Интервью алу
2	« Мен бәрін білгім келеді» шағын зертханада эксперименттік алаң топтар мен педагогтер шеберлік сыныптар.	Наурыз	Шеберлік жұмыс
3	Ата –анамен «Түрлі – түсті көпіршіктер» атты тақырыбында мен зерттеушімін байқауын жүргізу.	Сәуір	Байқау
4	«Мен бәрін білгім келеді» эксперименттік алаң аясында «Ғажайыптар зертханасы» тақырыбында семинар	Сәуір	Семинар

3.1. Эксперименттік және бақылау топтарындағы Салыстырмалы мониторинг көрсеткіштері (%)

Эксперименттік топ/сынып/ курс	57%
--------------------------------	-----

Бақылау топ /сынып/курс	43%
-------------------------	-----

3.2. ЭА аясында мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілерінің дағдылары мен дағдыларын меңгеру (ықпал ету) және дамыту деңгейін мониторингісі (іске асырылатын да ЭА- жұмысы білімнің қай саласына әсер етті: Денсаулық, Коммуникация, Таным, Шығармашылық, Әлеумет

3.3. ЭА аясында орта ББҰ, Қосымша ББҰ (ұйірме) және ТЖКББҰ оқу пәндері мен бойынша үлгерімнің сапасы

4. ЭА аясында ғылыми және әдістемелік қызмет (ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу, БАҚ мақалалары, ОӘК шығару және т.б.):

4.1. Ғылыми-практикалық конференцияларға қатысқан педагогтердің саны

4.2. БАҚ-та (газеттер мен журналдарда) мақалалар жариялаған педагогтер саны 0 ,

4.3. ОӘК шығарған педагогтер саны 2

•

4.4. ЭА аясында біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтердің саны, жылы, БА курстарын өткізген ұйымның атауы т.б .

4.4. Басқалар 0

5. ЭА аясындағы SWOT-талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Педагог: - мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың инновациялық педагогикалық технологияларын меңгеру ; -жан-жақты зерттеу қабілеттерін дамыта отырып, балалардың білуге құштарлығын арттыру. - өзінің теориялық және практикалық	- осы мәселе бойынша білімнің жеткіліксіздігі; - әлеуметтік-ойын технологиясын жоспарлаудағы қиындық; - жинақтық материалдың болмауы; - педагогтердің алдына қойылған мақсатты жеңе алмауынан қорқуы.

білімін, іскерлігін және дағдыларын, кәсібилігі мен шығармашылығын арттыру.	
Мүмкіндіктер	Қауіптер
- мамандармен және педагогтермен жұмыстың әр түрлі формаларын ұйымдастыру (семинарлар, педагогикалық тәжірибенің презентациялары дөңгелек үстел); - ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің ашық көріністері, ойындар; - балалармен жұмыстың инновациялық түрлерін дамыту;	- балалардың өмірін ұйымдастырудың оқу формаларының ойын формаларынан басым болуы; - педагогтердің бірінің кәсіби қызметін ауыстыру мүмкіндігі; - педагогтердің өз жұмыс тәжірибесінде зерттеу құралдарын қауіпсіз шараларын қолдана отырып ұйымдастыру.

6. SWOT-талдаудан шыққан шешу жолдары

№	Іс-шаралар
1.	Педагогтердің эксперимент тақырыбы бойынша педагогика- психологиялық, ғылыми басылымдарға тәжірбиемен бөлісу.
2.	Әдістемелік әдебиеттерді, дидактикалық құралдарды, көрнекі-көрсетілімдік, үлестірмелі материалдарды жинақтап, ғылыми-әдістемелік кеңеске ұсыну.
3.	Осы мәселені зерттеу үшін педагогтермен белсенді жұмыс түрлерін қолдану: семинарлар, мастер-кларстар, дөңгелек үстелдер, іскерлік ойындар, тренингтер және т. б.
4.	Эксперименттік алаң бойынша педагогикалық тәжірибені тарату және еңгізу арқылы тәрбиеленушінің отбасымен серіктестік қарым-қатынас орнату.
5.	Дөңгелек үстелдер өткізу.
6.	Эксперименттік әрекетке мониторинг жүргізу үшін әдістер мен тәсілдерді тарату..

2. Жаңа әдістерді қолдану арқылы педагогтер өз тәжірибесіменалмасады, мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру үшін отбасымен балабақшамен тығыз ынтымақтастық орнату;
3. «Мен бәрін білгім келеді» шағын зертханаларда мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық , ойлау қабітеті, зейіні, есте сақтауы т.б. танымдық қабілеттерін жетілуі.

Балалармен жүргізілген жұмыс.

2025-2026 жылы балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес қойған мақсаттар мен міндеттерге жету үшін, барлық педагог мамандармен, ұжыммен жұмыс жасалды. Балалардың қажеттілігін қанағаттандыру, өмірі мен денсаулығын нығайту үшін жыл бойы қызықты мерекелік, спорттық іс- шаралар өткізіліп отырды.

Қыркүйек айының бірі күні Білім күніне орай барлық топтарда барлық топтарда «Балабақшам – мейірім мекенім» мерекелік ойын-сауық өткізілді. Ортаңғы, ересек және мектепалды топтарда «Тілім менің тірегім» ертеңгілік ұйымдастырылды. Барлық топтарда «Қағазға екінші өмір сыйла» тақырыбында ата-аналармен бірлесе акция өткізілді. Ересек топтарда Тәуелсіз ел тұғыры» ертеңгіліктер өтті. Ортаңғы топтарда тәжірибелік жұмыс – «Таза және лас судың айырмашылығы» жүргізілді. барлық топтарда қаржылық сауаттылыққа арналған сабақтар («Ақша не үшін қажет?», «Ақшаны кім табады?», «Ақша жинау сандықшасы») өтті. Ересек және мектепалды топтарда «Әуежайдағы мамандықтар» тақырыбында танымдық іс-шара өткізілді. «Әуенмен сергіту» атты қимылды-музыкалық

ойын-сауық өтті. Ересек топтарда «Дәретхана мен жатын бөлмедегі мінез-құлық ережелері», мектепалды топтарда «Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері» тақырыптарында қауіпсіздік ережелері түсіндірілді. Балабақшадағы қауіпсіздік тақырыбы аясында ересек және мектепалды топ балаларымен қауіпсіздік іс-әрекеттері жүргізілді. Ересек топтарда «Балабақшадағы қауіпсіз мінез-құлық ережелері»: Дәретхана мен жатын бөлмедегі мінез-құлық ережелері» тақырыбында болса, мектепалды топтарда «Балабақшадағы қауіпсіз мінез-құлық ережелері»: Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері» тақырыбында балалармен қауіпсіздік ережелері ойын түрінде жүргізілді.

Қазан айында «Ұстаздарға мың алғыс» атты мерекелік кеш ұйымдастырылып, музыка мен би элементтері қамтылды. Тәжірибелік жұмыс ретінде «Жер – өмір негізі» атты тәжірибе сабағы өткізілді. Балалар «Топырақтың құрамын зерттеу» тәжірибесін жасап, қорытынды шығарды. «Елімнің ертеңі» ұлттық ойындар эстафетасы және «Отан – ортақ шаңырақ» мәнерлеп оқу байқауы ұйымдастырылды. Ойындар мен сайыстар балалардың қозғалыс белсенділігі мен сөздік қорын арттыруға, ұжымдық бірлікке тәрбиелеуге бағытталды. Сонымен қатар тәрбиешілер «ТЖ кезіндегі әрекеттер: мектепке дейінгі жас» тақырыбында қауіпсіздік сабағын өткізді. Мектепалды топ балалары «Жедел қызмет телефон нөмірлері мен қауіпсіз терезелер» ережелерімен таныстырылды.

Қараша айында барлық жас топтарында оқу-тәрбие процесі жоспарға сай және мазмұнды түрде жүргізілді. Балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, танымдық, шығармашылық, экологиялық және адамгершілік бағыттағы іс-шаралар жүйелі түрде өткізілді. «Адал азамат» бағдарламасы аясында «Әжелер мектебі», «Өнер мектебі» және қолөнер сайысы ұйымдастырылды. Балалар мен ата-аналар бірге ұлттық бұйымдар жасап, үлкенге құрмет, адалдық пен еңбекқорлық туралы түсініктерін бекітті. «Жануарлар әлемі» тақырыбында танымдық тәжірибелік сабақтар ұйымдастырылып, балалар жануарлардың жыл мезгілдеріне бейімделуін бақылап, олардың тіршілігі туралы түсініктерін кеңейтті. Әдіскер жетекшілігімен балалар жануарларға қамқорлық көрсету және табиғатты қорғау ережелерін үйренді. «Жолда жүру ережесі», «Қимыл-қозғалыс мәдениеті және қауіпсіздік кепілі», сондай-ақ «Гигиеналық әдеттер мен бактериялар әлемі» атты практикалық ойындар өткізілді. Балаларға өз денсаулығына ұқыптылықпен қарау, қауіпсіздік ережелерін сақтау, тазалық пен дене белсенділігінің маңызы түсіндірілді. Тәрбиешілердің жетекшілігімен сауда ойындары («Сатып алу – сату», «Әдемі таңдау») ұйымдастырылып, балалардың қарым-қатынас мәдениеті мен тілдік белсенділігі дамытылды. «Түр әлемі – қызықты саяхат» атты шығармашылық сабақ өтті. Балалар түстердің үйлесімін, табиғаттағы реңктердің әдемілігін бақылап, сурет салды.

Аптаның соңында «Қауіпсіз серуен» және «Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері» тақырыбында қауіпсіздік апталығы өткізілді. Балалар қыс мезгіліндегі сақтық шараларын үйреніп, «Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік» атты интерактивті көрініске қатысты. Осы аталған шаралардың барлығы балалардың тілін, ойлауын, қимыл белсенділігін және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталып, педагогтер тарапынан жүйелі түрде ұйымдастырылды.

Желтоқсан айында «Адал азамат» бағдарламасы аясындағы бірлік, ынтымақ, достық тақырыптары басты назарда болды. Оқу қызметтері, ойындар, экологиялық және спорттық іс-шаралар жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылды. «Дос болайық!» психологиялық достық сабағы өтті. «Адал азамат» – бірлік және ынтымақ айы аясында топтарда ұжымдық, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін ойындар өткізілді. «Құстарды қорғау күні» тәжірибе сабағы. Балалар құстарға жем дайындап, олардың табиғаттағы рөлі туралы білім алды. Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік және қарапайым қаржы сауаттылығы бойынша «Қалау мен қажет» ұғымдары; күнделікті шығындарды жоспарлау; ақшаның түрлері, карта, монета туралы түсіндіру сабақтары өтті. «Банк – ақшаны сақтаушы мекеме» – балалар банк жұмысы және маман қызметімен танысты. «Денсаулық мекені» – спорттық стадионға танымдық сапар. «Қыстың қызықты сәттері» спорттық мерекесі өткізілді. «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» атты тәрбие сағаты топтарда өткізілді. «Егер адасып қалсам, не істеу керек?»

қауіпсіздік сабағы (ересек және мектепалды топтары). «Қар патшалығының сыйы» атты Жаңа жылдық ертеңгіліктер барлық жас топтары үшін ұйымдастырылды. Ата-аналардың қатысуымен өткен бұл шарада балалар ән, би, өлеңдерін орындап, мерекелік көңіл күй қалыптасты.

Қаңтар айындағы оқу-тәрбие жұмыстары балалардың жас ерекшеліктеріне сай жоспарланып, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүзеге асырылды. Ай барысында балалардың адамгершілік қасиеттерін, ұлттық құндылықтарды, қарым-қатынас мәдениетін дамытуға бағытталған кіріктірілген іс-әрекеттер өткізілді. Ұлттық ойындар («Асық – асыл қазына»), құқықтық сауаттылыққа арналған іс-әрекеттер («Менің құқықтарым, менің міндеттерім»), «Әжелер мектебі» аясындағы ертегі айту сабақтары ұйымдастырылды. Қыс мезгіліне тән экологиялық бағыттағы жұмыстар жүргізіліп, «Қардағы ойындар», «Мұздың пайда болуы және еруі» тақырыбында тәжірибелер жасалды. Бұл жұмыстар балалардың зерттеушілік қабілеттерін, табиғатқа қызығушылығын арттыруға ықпал етті. Балабақшадағы қауіпсіздік тақырыбы аясында қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша «Қауіпсіз қала» тақырыбында ересек топтар үшін: «Үйдің мекен-жайы мен ата-аналардың телефон нөмірлерін үйрету» және мектепалды топтар үшін: «Қауіпсіз кіреберіс және лифт» тақырыбында балалармен қауіпсіздік ережелері ойын түрінде жүргізілді.

Ақпан айының бірінші аптасында Ақпан айында оқу-тәрбие жұмыстары «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүргізілді. Балалардың зерттеушілік, танымдық, әлеуметтік және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында ай бойы түрлі кіріктірілген іс-әрекеттер жүйелі түрде ұйымдастырылды. Атап айтқанда, «Мен – зерттеушімін» жобасы аясында балалар тәжірибе жасау, бақылау жүргізу, қорытынды шығару арқылы зерттеушілік дағдыларын жетілдірсе, «Шын жүректен кітап сыйла!» акциясы арқылы кітапқа деген қызығушылығы артып, оқуға деген жағымды көзқарасы қалыптасты. «Орман және оның тұрғындары» тақырыбындағы экологиялық тәжірибелер барысында балалар табиғаттағы тіршілік иелерінің өзара байланысын түсініп, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға үйренді. Сонымен қатар, «Аққала еліне саяхат» қысқы ойын-сауығы арқылы балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігі арттырылып, ұжыммен әрекет ету, бір-біріне қолдау көрсету дағдылары дамытылды. «Күй керуені» жас домбырашылар ансамблінің өнер көрсетуі балалардың ұлттық құндылықтарға қызығушылығын оятып, эстетикалық талғамын қалыптастырды. Қаржылық сауаттылыққа арналған ойын жағдаяттары арқылы балалар «қалау» мен «қажет» ұғымдарын ажыратуды, ақшаны дұрыс жұмсау мен жинақтаудың маңызын түсінді. Кәсіптік бағдар беру бағыты бойынша «Теміржолшылар еңбегі» тақырыбында рөлдік және дидактикалық ойындар өткізіліп, әртүрлі мамандықтар туралы алғашқы түсініктері кеңейтілді. Сондай-ақ қауіпсіздікке бағытталған іс-әрекеттер барысында балалар күнделікті өмірде өзін-өзі қорғау, жануарлармен, көлікпен және қоғамдық ортада қауіпсіз қарым-қатынас жасау ережелерін меңгеріп, жауапкершілік пен сақтық дағдыларын қалыптастырды.

Наурыз айында 1- наурыз Алғыс айту күніне орай «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында ұжыммен бірлесе отырып қарттар үйіне барып қайттық. Жыл бойы оқу-тәрбие жұмыстары ұлттық құндылықтарды дәріптеу және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүйелі түрде ұйымдастырылды. Жоспарланған іс-шаралар балалардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, ұлттық мәдениетке деген құрметін арттыруға және әлеуметтік жауапкершілігін дамытуға бағытталды. Атап айтқанда, «Ізгіліктің бір ізі – алғыс» челленджі барысында тәрбиеленушілер, ата-аналар және педагогтер бір-біріне ризашылық білдіру мәдениетін қалыптастырып, мейірімділік пен сыйластық құндылықтарын насихаттады «Ұлттық ойын – ұрпақ қазынасы» атты спорттық мереке аясында қазақтың дәстүрлі қимылды ойындары ұйымдастырылып, балалардың дене белсенділігі артып, ұйымшылдық пен өзара қолдау дағдылары қалыптасты. 8 наурыз мерекесіне орай «Ана – өмірдің шуағы» атты мерекелік ертеңгілік өткізіліп, балалар аналарға, әжелерге деген сүйіспеншілігін ән, би, тақпақ арқылы білдірді. Сонымен қатар «Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз» мерекелік шарасында ұлттық салт-дәстүрлер сахналанып,

балалар Наурыз мейрамының мәні мен тәрбиелік маңызын түсінді. Экологиялық тәрбие бағыты бойынша «Ауа – тіршілік тынысы» тақырыбында тәжірибелік жұмыс жүргізіліп, балалар қарапайым тәжірибелер арқылы ауаның бар екендігін дәлелдеп, оның тіршілік үшін маңызын ұғынды. Бұл іс-әрекет зерттеушілік қабілеттерін дамытуға ықпал етті. Қаржылық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында сюжетті-рөлдік ойындар ұйымдастырылып, балалар «қалау» мен «қажеттілік» ұғымдарын ажыратуды, қарапайым сатып алу-сату әрекеттерін орындауды, үнемдеу мен жинақтаудың маңызын түсінуді үйренді. Қауіпсіздік бағытында «Мен және бөгде ересек адам» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, балаларға сенімділік шеңбері, жеке қауіпсіздік ережелері, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау кезіндегі сақтық шаралары түсіндірілді. Нәтижесінде тәрбиеленушілердің қауіпсіз мінез-құлық дағдылары бекітілді. Жалпы алғанда, ай бойы өткізілген іс-шаралар балалардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға, танымдық белсенділігін арттыруға, әлеуметтік тәжірибесін кеңейтуге және қауіпсіздік мәдениетін дамытуға бағытталды.5.

Сәуір айының бірінші аптасында «Адал азамат» бұртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша барлық топтарда еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы ретінде ұйымдастырылды. Ай бойы жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстары балалардың еңбекке деген қызығушылығын арттыруға, қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыруға және әртүрлі мамандықтар туралы түсініктерін кеңейтуге бағытталды. Осы мақсатта «Құстарға қамқор болайық» іс-шарасы аясында балалар құстарға ұя жасап, табиғатқа жанашырлық танытуға тәрбиеленді. «Кішкентай зерттеушілер» тақырыбындағы тәжірибелік жұмыстар барысында тәрбиеленушілер қарапайым тәжірибелер жүргізіп, қоршаған орта құбылыстарын бақылау арқылы зерттеушілік қабілеттерін дамытты. Сюжеттік-рөлдік ойындар («Сән салоны», «Емхана») арқылы балалар әртүрлі мамандық иелерінің қызметімен танысып, қарым-қатынас жасау, рөлге ену және әлеуметтік дағдыларын жетілдірді. Экологиялық тәрбие бағытында «Табиғатқа саяхат» іс-шарасы ұйымдастырылып, балалар табиғаттағы дыбыстарды ажырату, бақылау және сезіну арқылы қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттырды. Сонымен қатар «Жеңіске бірге!» атты спорттық ойын-сауық шарасы өткізіліп, балалардың дене белсенділігі, ұйымшылдығы және салауатты өмір салтына деген қызығушылығы нығайтылды. Ай соңында «Достық мекені – Қазақстан» мерекелік ертеңгілігі ұйымдастырылып, балалардың Отанға деген сүйіспеншілігі, достық пен бірлік құндылықтары қалыптастырылды.

Мамыр айының бірінші аптасында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында бірлік және ынтымақ айы ретінде ұйымдастырылды. Ай бойы өткізілген іс-шаралар балалардың патриоттық сезімін қалыптастыруға, өзара сыйластық пен достық қарым-қатынасты дамытуға, сондай-ақ ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңіруге бағытталды. Осы бағытта «Достығымыз жарасқан» атты балалар сурет көрмесі ұйымдастырылып, тәрбиеленушілер өз шығармашылық жұмыстары арқылы достық, татулық және бірлік ұғымдарын бейнеледі. «Білімім – Отаныма» мерекелік ертеңгілігінде балалар ән айтып, би билеп, тақпақтар айтып, Отанға деген сүйіспеншіліктерін білдірді. «Менің отбасым – бақыт мекенім» тақырыбында қабырға газеттері шығарылып, балалар отбасы құндылықтары туралы түсініктерін кеңейтті. Бұл жұмыс олардың ата-анаға деген құрметін арттыруға және отбасылық тәрбиенің маңызын түсінуге ықпал етті. Экологиялық тәрбие бағыты бойынша «Су – тіршілік көзі» тақырыбында тәжірибелік жұмыстар жүргізіліп, балалар су қасиеттерін зерттеп, суда тіршілік ететін ағзаларды бақылау арқылы табиғатқа деген жауапкершілік сезімдерін дамытты. Эксперименттік іс-әрекеттер балалардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етті. Дене шынықтыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «Жасыл бақша чемпиондары» атты спорттық шара ұйымдастырылып, балалардың дене белсенділігі, ептілігі және ұйымшылдығы арттырылды. Сонымен қатар «Ұландар сайысы: Ерлік пен батылдық жолында» патриоттық іс-шарасы өткізіліп, балаларға батырлық, ерлік және Отан қорғау ұғымдары


түсіндірілді. Мектепалды топ тәрбиеленушілеріне арналған «Сау бол, балабақша!» мерекелік ертеңгілігі ұйымдастырылып, балалардың балабақшамен қоштасуы салтанатты түрде өтті. Бұл шара балалардың жаңа өмір кезеңіне өтуіне эмоционалдық дайындық қалыптастыруға ықпал етті. Сонымен қатар ай барысында қаржылық сауаттылық бойынша шығармашылық тапсырмалар орындалып, балалар ақша, қажеттілік пен қалау ұғымдарын түсінуге үйренді. Кәсіптік бағдар беру іс-әрекеттері арқылы әртүрлі мамандықтармен танысып, олардың маңызын ұғынды. Қауіпсіздік бағыты бойынша «Қауіпсіз үй» тақырыбында жұмыстар жүргізіліп, балаларға тұрмыстық қауіпсіздік ережелері, электр құралдарын дұрыс пайдалану, үйде жалғыз қалған жағдайда өзін-өзі ұстау дағдылары үйретілді. Жалпы алғанда, мамыр айында ұйымдастырылған білім беру процесі балалардың танымдық белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, әлеуметтік және өмірлік дағдыларын қалыптастыруға бағытталып, олардың мектепке дайындығын қамтамасыз етуге оң әсерін тигізді.

Педагогтардың кәсіби, теориялық, әдістемелік және іскерлік біліктілігін көтеру.

Мақсаты: Кәсіптік біліктілікті көтеру, шығармашылық белсенділігін дамыту, жаңа педагогикалық технологияны іздеу және енгізу, оқыту-тәрбиелеу үрдісін жоғары сатыға көтеру, жетілдіру.

